

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КЕПІЛДІГІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Алходжаева Айнур Абдуохаповна

ainajan007@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Құқықтану» мамандығының 1 курс магистранты,
Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекші: Ибрагимов Ж.И.

Мемлекет қызметінің бағыты адам құқығының басымдылығынан туындауы тиісті. Себебі мемлекет өкімет органдарының басты міндеті – адамның қадір-қасиетін, ар-намысын, құқықтары мен бостандықтарын тануын, сақтау және қорғау болып табылады. Сондықтан адамға байланысты оның құқықтық жағдайын анықтайтын құқықтық нормалардың маңызы өте зор[1].

Адам мен адамзаттың құқықтық жағдайы (құқықтық мәртебесі) дегеніміз, әдеттегінен оның құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы. Шын мәнінде, бұл адам мен азаматтың құқықтық мәртебесінің басты мазмұны болып табылады. Бірақ та оған өзгеше құқықтық факторлар әсер ететінін әрдайым естен шығармауымыз керек. Олар – азаматтық қағидалар, құқық пен бостандық кепілдіктері. Адамның құқықтары мен міндеттері көптеген құқық салаларында тұжырымдалған. Солардың ішінде адамның қоғамдық жағдайын дәріптеуде мемлекеттік құқық саласының атқаратын рөлі ерекше. Әсіресе, адамның, азаматтың құқықтық мәртебесінің негізгі Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген. Оған мыналар кіреді: азаматтылық, адам мен азаматтың құқықтық жағдайының конституциялық принциптері, олардың негізгі құқықтары мен бостандықтары (азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени), конституциялық міндеттер. Бұл адамның құқықтық жағдайының басты элементі, ядросы. Құқықтық мәртебесінің негіздері адамның қоғамдағы жағдайын анықтауда басты шешуші рөл атқарады, өмірлік маңызы бар, мазмұны Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-тарауында берілген (10-39-баптар) [2,3].

Адамның құқықтық жағдайы мұнымен шектелінбейді. Азаматтардың өзге құқықтары мен міндеттері көптеген әр түрлі құқық салаларында тұжырымдалады, бірақта бұлар негізгі құқықтарға бостандықтар мен міндеттерге бағынышты, оларды одан әрі дамытуға және нақтылана түсуіне бағытталған. Адам мен азаматтық құқықтық жағдайына мінездеме беру үшін, алдымен, адам, тұлға, азамат ұғымдарының арақатынасын ажыратуымыз, олардың конституциядағы құқықтық мәртебесінің принциптерін және негізгі белгілерін анықтауымыз қажет. Осы сұраққа жауап берместен бұрын «адам», «тұлға» және «азамат» ұғымдарын айқындап алу керек. Әдеби шығармаларда, ауызекі әңгімелерде адам, тұлға, азамат ұғымдары олардың арасында белгілі бір айырмашылық бар болса да, бірқатар жағдайда бір мәндес сөздер ретінде қолданылады. «Адам» ұғымы жеке адамның биологиялықәлеуметтік табиғатын білдіреді. Оны тірі жәндіктің өкілі ретінде қарауға тиіспіз. Биологиялық жаратылыс ретінде «саналы адам» (homo sapiens) деңгейіне жеткен адам дамуы өте баяу өтеді. Мындағы жылдар бойы адам денесінің анатомиялық құрылысы, оның ағзалары өзгерген жоқ десе де болады. Ал әлеуметтік яки тұлға сипатындағы тұрғыдан алғанда адам дамуының орасан зор өрлеу жолынан өтті. Кез келген нақтылы адам тұлға болып саналады, және ол табиғи және әлеуметтік ерекшеліктерге ие бола алады.

Тұлға дегеніміз – нақтылы қоғамдық-экономикалық құрылымның мүшесі ретінде адамды сипаттайтын ерекшеліктердің жиынтығын білдіреді. Тұлғаның қайталанбас даралығы адамдардың белгілі бір әлеуметтік тобының өкілі ретінде адамға тән кейбір ортақ белгілерді де қамтиды: оларға ұлты, кәсібі, әлеуметтік жағдайы және оның қоғамда алатын орны, жауаптылығы тағысын тағы жатады. Тұлғаның осындай жалпы сипаттарының жиынтығы оның әлеуметтік бейнесін айқындайды. Дәлірек айтсақ, жұмысшының, ғалымның, саясаткердің, зейнеткердің, қылмыскердің тұлғасы туралы айтуға болады [3, 26].

Қазақстан Республикасында тұлға нарықтық қатынастарға өту жағдайында материалдық игіліктер өндірісі саласында, оны бөлу мен айырбастау жоғары деңгейдегі еркіндікті иеленеді. Қазіргі уақытта әрбір азамат өнеркәсіп кәсіпорнының, сауда мен өзге қызмет көрсету салаларындағы кәсіпорындардың жеке немесе ұжымдық меншік иесі яки орташа немесе ірі бизнесмен бола алады. Бірақ өмірде кездесетін белгілі бір объективтік, не субъективтік жағдайларға байланысты адам өзін тұлға ретінде сезінбеуі де мүмкін. Оған мысал ретінде адамның жүйке жүйесінің ауруына байланысты оны сот іс-әрекетке қабілетсіз деп тануын алсақ та жеткілікті [3, 34].

Азамат ұғымы публистикалық мағынасында жиі қолданылады, ол адам - өз Отанының ұлы немесе қызы деген ұғымды білдіреді. Басқаша мағынасында бұл ұғымы адамның кез-келген мемлекетпен емес, тек өз елімен ғана құқықтық байланыста екендігін аңғартады. (мәселен адамның монархиялық мемлекетпен құқықтық байланысы «бодан» ұғымымен сипатталады). Оның тығыз байланыстылығын мынадан көруге болады: мемлекет азаматтарға толық құқықтар мен бостандықтарын белгілеп берсе, ал азаматтар заңды түрде белгіленген сыйлықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу, т.с.с. жүзеге асырады.

Жаңа Конституцияда «азамат» термині қолданылған кезде Қазақстан Республикасының азаматы жиі айтылады. Мәселе мынада: басқа мемлекеттерде тұратындар сияқты Қазақстан аумағында тұрып жатқандардың бәрі бірдей оның азаматы болып табылады. Олардың арасында шетелдік азаматтар немесе азаматтың жоқ адамдар болуы мүмкін. Олардың құқықтары мен бостандықтарының сол мемлекет азаматтарына қарағанда аздығы – мысалы, кейбір саяси және әлеуметтік экономикалық құқықтардың, соның ішінде сайлауға не сайлануға, әскер қатарына алынуға, жоғары лауазымды қызметке көтерілуіне болмайтындығы. Жалпы алғанда, Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республика азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады [4, 25].

Адамның өмір сүру құқығын іс жүзіне асырған кезде оның туу фактісі ғана қажет, ал оның азамат пен тұлғақасиеттеріне ие болу міндетті емес. Бұдан басқа құқықтарды іс жүзінеасырған кезде адамның тұлға, азамат болуы шарт.

Адамның жиынтық заңдық атауы түрінде «азамат» ұғымы Аристотель заманынан бері белгілі. Ежелгі орыс тілінде «азамат» сөзі қалалық тұрғынын айқындау үшін қолданылады. ХҮІІ ғасырлардың аяғынан бастап бұл сөз қалалық тұрғындардан жөнінде ғана емес, осы мемлекеттің кез келген тұрғынына қолданылатын болады [5, 69-75].

Қазіргі қазақ, орыс тілдерінде азамат сөзі осы мемлекеттің тұрақты халқына жататын, заңда белгіленген құқықтарды пайдаланатын, сондай-ақ барлық міндеттерді орындайтын адамға қатысты айтылады. Сөздің осы аталған мәні Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы (1991 жылғы желтоқсанның 20-сы) Заңның негізінде алынады. Сөйтіп, адам мен азаматтың конституциялық-құқықтық мәртебесі дегеніміз бұл жеке тұлғаның құқықтары,

бостандықтары мен міндеттерінің жиынтығы, сонымен қатар оларды іс жүзіне асырудағы құқық нормаларында бекітілген заңды кепілдіктер.

Құқық пен бостандықтың тарихи дамуында үш толқын айқын бөлінеді. Оның біріншісі – конституционализм ағымнан көрінеді. Ол кезде конституциялық актілерде құқық пен бостандықтардың екі тобы бекітілген болатын. Олар азаматтық (өзіндік) құқықтар мен бостандықтар (мәселен, жеке адамға ешкімнің тиіспеуі, тұрғын үйге қол сұғылмауы, т.б.) және саяси құқықтар мен бостандықтар – сайлау құқығы, сөз, баспасөз еркіндігі, т.с.с.[6, 9].

XX ғасырдың бірінші тоқсанында, әсіресе ортасында конституцияларда әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтар блогі дүниеге келді (еңбек ету құқығы, білім алу құқығы, ғылым мен мәдени жетістіктерін пайдалану және т.с.с.). Бұл екінші толқын болатын.

XX ғасырдың екінші жартысында пайда болған кең ауқымды проблемаларды шешуде үшінші толқынның әсері күшті болды. Соның салдарынан адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы ортаны қорғау құқығы, ақпаратқұралдарын пайдалану құқығы және т.б.

Құқықтар мен бостандықтардың сонымен бірге міндеттердің дамуы, олардың шеңберінің тұрақты кеңеюі нақтылы топтастыруды қажетсінді. О бастан-ақ құқықтарды, бостандықтарды адам құқығына және азамат құқығына бөлу керек деген болатын. Артынан бұларды басқаша да бөлуге – адамның, азаматтың, жеке және ұжымдық құқықтары, бостандықтары мен міндеттеріне болатындығы дәлелденді. Әрине, адамның және азаматтың көптеген құқықтары, бостандықтары мен міндеттері өзіндік сипаттарына қарағанда жекешелеу болатындығы белгілі, бірақ, мысалы ереуілге шығу құқығы жекешеден гөрі ұжымдық болатыны сөзсіз. Өйткені, жеке адамның ереуілге шығуы – бұл жұмыстан бас тарту, дәлелсіз себептермен жұмысқа шықпай қалу дегенді білдіреді [7, 302].

Құқықтарды, бостандықтарды және міндеттерді негізгі және қосымша деп ажыратуға болады. Әрине, соңғы біріншісіне тәуелді. Мысалы: негізгі құқыққа азаматтың мемлекет ісін басқаруға қатысуы жатса, ал оның сайлауға құқығы, алдыңғылардан туындайды.

Құқықтарды, бостандықтарды және міндеттерді топтастырған уақытта ең бастысы оларды мәніне, мазмұнына қарай бөлу. Осыларды негізгі үш топқа бөлу принципі теорияда өз орнын тапты. Бірінші топ – бұл өзіндік немесе азаматтық құқықтар бостандықтар мен міндеттер. Екіншісі – саяси. Үшіншісі – экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар, бостандықтар мен міндеттер.

Бұлардың әрқайсысына тоқталмастан бұрын Қазақстан Республикасындағы тұлғаның, жеке адамның құқықтық мәртебесіне көңіл аударған жөн.

Адамның қоғамдағы алатын орны анықтауда мынадай принциптер ерекше рөл атқарады:

1. Заң мен сот алдында жұрттың бәрінің теңдігі (ҚР Конституциясының 14-бап, 1-тармақ). Құқық пен бостандықтың теңдігіне кепілдіктер адамның тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдайларға қарамастан іске асырылады. Және де тең құқықтықты сақтауға кепілдіктер беріледі. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір түрде әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық тіл немесе діни нанымдары белгілері бойынша шектеуге жол берілмейді. Құқықтың теңдігі (яғни тең құқықтық) экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени өмірдің барлық салаларында қамтамасыз етіледі. Мемлекеттің заңдарында әйел мен еркектің тең құқықтығын ерекше атап көрсетеді. Мысалы, әйелдерге білімге, қандай да болсын мамандыққа, олардың денсаулығына зиянды еңбектен басқасының бәріне еркектермен бірдей жол ашық. Қазақстанда тепе-тең еңбекақысын бірдей төлеу принципі дәйекті түрде жүзеге асырылуда.

Қоғамдық өмірдің түрлі салаларында ерлермен бірдей жағдайға ие болып, әйелдер мемлекеттік басқару ісіне белсене араласуда.

2. Конституциялық құрылыс негіздеріндегі принциптің бірі - Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының толықтылығы. Жоғарыда сөз етілген бойынша, Қазақстан төңірегінде әрбір азамат барлық құқықтар мен бостандықтарға ие (және тең конституциялық міндеттер атқарады). Ал шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың сондай құқықтары мен бостандықтары шектеулі.

3. Негізгі құқықтар мен бостандықтардың ажыратылмайтындығы және олардың заңсыз шектеуіне тыйым салынуы – бұл адам мәртебесі негіздерінің конституциялық бекітілуінің тағы да бір бастылығы. Қазақстан Республикасының Конституциясында «Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды», - делінген (12-бабының 2-тармағында). Бұл Республика Конституциясының және соған сәйкес келетін өзге де нормативтік құқықтық құжаттардың нормаларымен белгіленген шеңберінде адам құқықтары мен бостандықтарының тізбегіне мемлекет кепілдік береді деген сөз.

Адамның бұл аталған құқықтары мен бостандықтарын абсолютті деп тану – олар Қазақстан Республикасында тұратын әрбір адамға оның Республика азаматтығында болу-болмауына қарамастан, қолданылады дегенді білдіреді. Бұл құқықтар мен бостандықтардың ажырағысыздығы Конституция белгілеген құқықтар мен бостандықтардан Конституцияда және соған сәйкес қабылданған заңдарда көзделген жайлардан басқа реттерде адамды ешкім де, соның ішінде мемлекет те айыра алмайтындығын танытады. Біздің елімізде заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыларға қарай анықталады. Демек, қандай да болмасын заңдардың адам мен адамзаттардың құқықтары мен бостандықтарын тежеуге немесе жойып жіберуге бағытталған кері әсері болмайды. Осыған байланысты мемлекет билігі үш тармағының жұмысында азаматтардың құқықтарын, бостандықтары және заңды мүдделерін конституциялық негізде бекітуге (заң шығару), нақты іске асыруға (атқару) және тиісінше қорғауға (сот) айрықша мән беріледі [8, 125].

Жаңа уақыт адамның құқығы мен бостандығы дүниеге өзімен бірге келетінін негіздейтін табиғи құқық идеяларының пайда болуымен сипатталды. Әртүрлі теориялық құрылымдар тұлға мен мемлекет қайшылығын еңсеру қажеттігін негіздеді. Адамның құқықтары мен бостандықтарына артықшылық беру қағидаларын жария ету «адам-мемлекет» мәселесіне құрсаулық жүйе тұрғысынан түсінік беруден үзілді-кесілді бас тартуды білдіреді. Тоталитарлық жүйе кезінде адам орасан зор мемлекеттік машинаның титімдей бір бөлігіне айналады (бұл әсіресе Сталиннің жеке басына табыну жылдарында айрықша байқалды). Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін жаратылған, олардың қатынастарының ендігі басты қағидаты (1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституцияда негізі қаланған) осындай. «Қымбат қазына» ұғымы конституциялық мәтінге енгеннен кейін іс жүзінде адамгершілік санат бола отырып, құқықтық санатқа да айналады және қоғам мүшелерінің баршасы үшін – мемлекет билігі қолында барларға да, жоқтарға да міндетті ереже болып табылады.

Бірақта адамның және азаматтың құқықтыр мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, Жеті Жарғы.,1995
2. Кенжалиев. З.Ж. “Конституция және қоғамдық сана“// Егемен Қазақстан 25 тамыз, 2005, 3-б
3. М.Әбсаттаров. Еуропалық сот-адамның құқығының қорғаушысы// Ақиқат, №8, 2006, 26-б
4. А.Тасболатов . Бостандық пен құқық кепілі // Егемен Қазақстан, 2007, 6-б
5. Жоламан. Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық. -Алматы, 2004, 69-75-б
6. К.Қосекеев. Адам құқығы мен бостандығы – жедел іздестіру қызметінің басты қағидасы // Халық, 2006, 9-б
7. Табанов. С.А. Салыстырмалы құқықтану негіздер. -Алматы, 2003,302-б
8. Табанов. С.А. Құқық теориясы мен сот жүйесінің конституциялық негіздері.- Алматы, 2003,125-б

УДК 341.3

КОЛЛИЗИОННЫЕ ВОПРОСЫ ЗАКЛЮЧЕНИЯ И РАСТОРЖЕНИЯ БРАКА

Альфламова Айнур Тайрукумовна

alfanur-13@mail.ru

Студентка Юридического факультета ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Куликпаева М.Ж.

Процедура заключения брака граждан Казахстана с иностранными регламентируется семейным законодательством РК. Это значит, что органы записи актов гражданского состояния РК не имеет право требовать соблюдения условий заключения брака, не предусмотренных семейным законодательством Республики Казахстана. Тот брак, который заключен в Казахстане, считается действительным на всей территории РК, независимо от того что, данный брак признается недействительным по закону страны того иностранца, который вступил в брак с гражданином (гражданкой) Казахстана. Такой нежелательной ситуации можно избежать путем заключения международных договоров, в которых разрешено специально оговорить эти и другие вопросы.

«Казахстан уже заключил ряд договоров с иностранными государствами о оказании правовой поддержки по гражданским, семейным и уголовным делам. Так, РК подписала многостороннюю Конвенцию в рамках Содружества Независимых Государств Конвенцию о правовой помощи и правовых отношениях сообразно гражданским, семейным и уголовным делам от 22 января 1992 года. К примеру, в статье 26 данной Конвенции сказано: «Условия заключения брака определяются для каждого из будущих супругов законодательством договаривающейся Стороны, гражданином которой он является, а для лиц без гражданства – законодательством договаривающейся Стороны, имеющее постоянное место жительства в этом государстве». Как видим, в вопросах заключения брака и других семейных правоотношений Конвенцией сделана унификация норм семейного права в рамках Содружества Независимых Государств».В Кодексе Республики Казахстана «О браке (супружестве)и семье» говорится о том, что браки между иностранцами, отбывающие наказание в Казахстане в посольствах и консульствах иностранных государств, на условиях взаимности признаются в Казахстане, если эти лица были гражданами государства, назначившего посла, консула. Республика Казахстан признает действительными браки, которые заключены за пределами Казахстана по законам тех или иных государств. В